



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Әлихан Смайылов «Арселор-Миттал» басшысымен кездесті

Премьер-Министр Әлихан Смайылов «АрселорМиттал» компаниясының атқарушы төрағасы Лакшми Митталмен кездесу өткізді, деп хабарлайды Egemen.kz.

лерді оқыту және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне көбірек көңіл бөлу жоспарланып отыр. Премьер-Министр өндірістің қазіргі қарқынын сақтап, шығарылатын өнім номенкла-



Тараптар компанияның өндірісті жаңғырту және еңбек қауіпсіздігін арттыру жөніндегі жоспарларын, шығарылатын өнімді ішкі нарыққа және көрші елдерге жеткізу мәселелерін, сондай-ақ металл өнімдерін қайта балқытудың неғұрлым жоғары деңгейіне көшу перспективаларын талқылады.

Сондай-ақ Лакшми Миттал компанияның алдағы жылдары болат құю және тау-кен активтерін жаңғыртуға қомақты қаражат салуды жоспарлап отырғанын хабарлады. Сонымен қатар қызметкер-

турасын кеңейту және туындаған мәселелерді шешу бойынша Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің басшылығымен барынша тығыз жұмыс істеу қажеттігіне назар аударды.

«Өнеркәсіптік қауіпсіздік өте маңызды мәселе болғандықтан, оған ерекше назар аудару керек. Осыған байланысты өндірісті дамыту және қызметкерлерді мамандандырылған оқыту бойынша компанияның инвестициялық жоспарларын құптаймыз», деді Әлихан Смайылов.



Мемлекет басшысы Қ.Келімбетовті қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетовті қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz. Ақордаға сілтеме жасап.

Қайрат Келімбетов Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Астана» халықаралық қаржы орталығы жұмысының қазіргі нәтижелері мен маусым айында АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңестің отырысында берген тапсырмаларының орындалуы тура-

лы есеп берді.

Қайрат Келімбетовтің айтуынша, АХҚО-да әлемнің 65 елінен 1500-ден аса компания тіркелген. Тартылған инвестицияның жалпы көлемі 6,9 миллиард долларға жеткен.

Astana International Exchange (AIX) биржасы арқылы 321 миллион доллардан астам акционерлік капитал және 2,1 миллиард доллар қарыз капиталы тартылды.

АХҚО соты мен Халықаралық арбитраж орталығы жалпы 1200-ден астам даулы мәселені қарастырған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) жуырдағы есебінде АХҚО-ның салық режимі салық ашықтығының жаһандық стандарттарына сай келеді деп танылғаны жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің экономикалық дамуында «Астана» халықаралық қаржы орталығы елдің білімді рөл атқаратынын атап өтіп, шетелдік инвестиция тарту жұмыстарын күшейту қажет екенін айтты.

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

07.09.2022 жыл №20

Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті он тоғызыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті он тоғызыншы сессиясы 2022 жылғы 23 қыркүйекте, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының хатшысы Б.Байғараев.

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті он тоғызыншы сессиясы 2022 жылғы 23 қыркүйек, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 23 қыркүйекте, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2022 жылғы 23 қыркүйекте, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1. Аудан әкімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.
2. Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.
3. Таукент, Қыземшек кенттері әкімдерінің есебі.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат хатшысы Б.Байғараев.

Қазақстанда визалардың жаңа түрлері пайда болады

Қазақстанға үздік шетелдік мамандарды тарту мақсатында визалардың жаңа түрлері енгізіледі, деп хабарлайды Egemen.kz. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне сілтеме жасап.

Ведомствода атап өтілгендей, жаңа визалар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында пайда болады. Онда елдің көші-қон саясатының тиімділігін арттыру бойынша жаңа шаралар пакеті ұсынылған.

«Көші-қон саясатының алдағы 5 жылға арналған жаңа тұжырымдамасы шеңберінде республикада шетелдіктер үшін ерекше жағдайларды көздейтін бағалы дағдылар мен инвестициялық визалар үшін арнайы визалар енгізу көзделеді», делінген ведомство хабарламасында.

Атап айтқанда, Қазақстанға үздік шетелдік мамандарды тарту тетігін әзірлеу жоспарланады. Осылайша, 100 үздік шетелдік маман өндірісте жұмыс істейтін қазақстандықтарды

даярлайды.

Мұндай мамандар үшін «Бағалы дағдыларға арналған виза» енгізіледі және қазақстандық кадрларды озық даярлау үшін үнемі жаңартылып отыратын бағалы дағдылар рейтингі қалыптастырылады.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру аясында жаңа тұжырымдама жобасында бизнес-иммиграция тәсілдері өзгертіледі.

«ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесін негізге ала отырып, Қазақстан экономикасына бір мезгілде 300 мың АҚШ долларын инвестициялаған шетелдік бизнесмендер үшін инвестициялық және іскерлік визалар алу шарттарын қайта қарау ұсынылады. «Инвестициялық виза» 10 жылдық тұрақты рұқсат береді. Виза иесі бизнесті тіркеу, мүлікке иелік етуге, қаржылық операцияларды жүргізуге мүмкіндік алады», дейді ведомство өкілдері.

Осылайша, Қазақстанға жылына 100-ге дейін бизнесмен-инвестор тартылады деп күтілуде.

Сондай-ақ білім беру иммиграциясын дамыту мақсатында тұжырымдамада келесі шара-

лар көзделеді:

-шетелдік жетекші білім беру мекемелерін академиялық ұтқырлық бағдарламасына тарту және қос дипломды білім беру практикасын одан әрі дамыту арқылы елдің білім беру инфрақұрылымын кеңейту;

-сұранысқа ие мамандықтар бойынша 100 үздік оқытушыны және сұранысқа ие технологиялар бойынша ғалымдарды тарту. Бұл ретте шетелдік ғалымдар мен оқытушылар үшін тұрақты ықтиярхат, ал кейіннен Қазақстан азаматтығын алу құқығын бере отырып, ұзақ мерзімді (10 жылға дейін) «Ғылыми-педагогикалық визалар» көзделеді.

«Осы стратегиялық міндетті іске асыру еліміздің жоғары мектеп пен ғылымның бөделін, азаматтарымыздың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін арттыруға және сайып келгенде Республикамыздағы адами капиталдың инновациялық дамуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді», делінген хабарламада.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ЖАҢА НЫСАНДАР АШЫЛДЫ

Ауданда «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы ашылды. Онда күніне 30 мүмкіндігі шектеулі азамат пен ардагерлерге қызмет көрсетіледі. Ардагерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандардың жанына қажеттінің бәрі бар. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Созақ ауданына жұмыс сапарында орталық жұмысымен танысып, ардагерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жүздесті.

-Аға буын қарияларға құрмет көрсету-ұрпаққа парыз. Біздің қазыналы қарттарымыз денсаулығын түзеп, бақытты өмір сүруі тиіс. Пайдалануға берілген жаңа

тық және әлеуметтік дағдыларға оқыту мен техникалық құралдарды пайдалануды үйретеді. Сондай-ақ спорттық дене шынықтыру, массаж, көңіл сергіту шаралары, зияткерлік ойын түрлері мен рухани-танымдық шаралар өткізуге жағдай жасалған. Мұнда демалушылар салауатты өмір салтын ұстанып, денсаулығын түзейді.

Сонымен бірге, облыс әкімі аудандық қорғаныс істер бөлімінің жаңадан салынған ғимаратында болды. Биыл алғаш рет елімізде 12 қыркүйек «Жергілікті әскери басқару органдары күні» ретінде атап өтелі отыр.

Іссапар барысында Дархан Сатыбалды бірнеше



нысан көпшілік сұранысын қанағаттандырады деп сенемін,- деді облыс әкімі.

Орталық мүгедектерге және олардың отбасыларына психологиялық көмек көрсету, жұмысқа орналастуға жәрдемдесу, тұрмыс-

әлеуметтік нысанды аралап, жылыту маусымына дайындығын саралады. Жауаптыларға нақты тапсырмалар берді.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі мәселе «2022-2023 жылдардың жылыту маусымына дайындық жұмыстарының барысы» туралы аудан әкімдігі тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дулат Байзақов хабарлама жасады. Бірқатар мекемелердің қысқы маусымға дайын болмай отырғанын ескертті. Сондай-ақ Қызылорда кентінің әкімі Ержан Жұмабаев пен Таукент кенті әкімінің міндетін атқарушы Марат Ибраев көп қабатты тұрғын үйлердің жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының барысы туралы баяндады. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков тапсырмалар жүктеп, ауыл әкімдері мен мекеме басшыларына мерзімін белгілеп, орындауды тапсырды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ОБЛЫС ӘКІМІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Шолаққорған ауылдық округінің газ тарату желісін салу және Созақ ауданында автоматтандырылған газ тасымалдау станциясы бар магистральды газ құбыры-тармағын салу жобаларының жалпы құны 7,6 млрд. теңге және ҰҚ есебінен 2 млрд. теңге бағытталды. Келер жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде. Биылғы 600 млн.теңге қаражат қаралған АГТ станциясы бар магистральды газ құбыры-тармағының құрылысы жүргізілуде. Жалпы Созаққа магистральды газ құбырын тарту жұмыстары осыдан 3 жыл бұрын басталған еді. Табиғи газды жеткізетін ішкі жүйелерінің жұмысы жүріп жатыр.

«Тәуелсіздік» саябағында Созақ тұрғындарының алдында сөз алған Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды салаға бөліп, түсіндіріп берді. Алдағы жоба жоспарлармен бөлісті. Алғаш іссапарын Созақ ауданынан бастаған облыс әкімі Мемлекет басшысының халыққа Жолдауының ел арасында үлкен қолдауға ие болғанын айтты.

-Біз үшін басты міндетсіздерге адал қызмет ету. Берілген уәделерді орындау. Сіздерді толғандырып жүрген әлеуметтік және

бірінші басшылары отыр. 1 қыркүйек күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті Жолдауында Президент реформалардың нақты 5 бағдарларын айшықтап берді. Халықтың көкейінде жүрген өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселер бойынша

Облыстық маңызы бар «Уланбел-Созақ-Екпінді» автожолының Шолаққорғаннан Таукентке дейінгі 181-214 шақырым аралығы жөндеуден өтіп жатыр. Созақта жалпы құны 1,9 млрд. теңге құрайтын 2 мектеп салынып жатыр. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында жолдар жөнделуде. Өңірге инвестиция тарту мақсатында үлкен жобалар іске асыры-



нақты шешімдер мен тапсырмалар берді. Олар еліміздің экономикалық өсімін жеделдетіп, халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсартуда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Жалпы,

луда. Өңір халқының табысын арттыруға бағытталған жұмыстар ары қарай да өз жалғасын табатын болады.

Жаңа форматта өткен халық алдында есептік кездесуде тұрғындар инфрақұрылымдық мәселелер басым болды. Ауыл тұрғындарының өтініштері бойынша жолдар жөнделіп, көшелер жарықтандырылуда. Көтерілген барлық мәселелер бақылауға алынып, облыс басшысы тарапынан тиісті тапсырмалар берілді.

Кездесуден кейін облыс әкімі тұрғындарды жеке қабылдап, олардың көтерген мәселелерін тыңдады. Тұрғындар жеке мәселесі бойынша өңір басшысына өтініштерін айтты.

Халықпен кездесу алдында өңір басшысы мемлекеттен грант алып, кәсібін дөңгелеткен аудан тұрғындарының көрмесін тамашалады. Кәсіпкерлікке қолдау жалғасатынын жеткізді.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.



басқа да өзекті мәселелерді бірге талқылау үшін келіп тұрмыз. Бұл жерде барлық басқарма басшылары және құқық қорғау органдарының

бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуіміз қажет. Осында берілген уәделердің бәрі заң шеңберінде орындалады,- деді Д.Сатыбалды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Таукент кенті әкімі лауазымына тіркелген кандидаттар

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
1. Досболов Ерик Есенович	01.11.1979 ж	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №127 үй
2. Аманов Ербол Нышаналиевич	13.12.1989 ж	Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жеткеншек №133 үй, №10 пәтер
3. Маманов Серік Сахиұлы	16.05.1982 ж	«Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ директоры Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, М.Маметова көшесі №7 үй

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Таукент кенті әкімі лауазымына кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыратын орындар

қ/с	Әкімшілік атауы	Елді мекен	Үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындар
1	Таукент кенті әкімі аппараты	Таукент кенті Таукент кенті Таукент кенті	Таукент кентінің орталығындағы тақта І.Кеңесбаев көшесі, №35 ғимарат "Болашақ" бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимараты жанындағы тақта

ХАБАРЛАНДЫРУ

Таукент кенті әкімі лауазымына кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі

қ/с	Әкімшілік атауы	Елді мекен атауы	Жиындар өтетін күні, уақыты	Жиындардың өтетін орындары
1	Таукент	Таукент	12.09.2022 жыл сағат 11:00 де	Таукент учаскесі «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
		Жыныс	12.09.2022 жыл сағат 15:00 де	Жыныс учаскесі «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
		Жыныс -1	12.09.2022 жыл сағат 17:00 де	Жыныс-1 учаскесі «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Болашақ бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Жолдауды қолдау

Бастамаларды жүзеге асыру маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған жаңа экономикалық саясатқа қатысты әрбір бастама ел қолдауына ие болды. Ауыл шаруашылығы, су мәселесі, ұлт саулығы, білім беру салалары бойынша тың да қарапайым халыққа жағдай жасау мейлінше ескерілген бастамаларды жүзеге асыру маңызды. Мысалы, шағын және орта бизнесті қолдаудың нақты жолдары айтылды.

«Кеңінен көтеріліп жүрген әлеуметтік сауалды ескере отырып, әйелдер үшін зейнетке шығу жасының межесі 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде бекітіледі», деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Бірыңғай жинақтау зейнетақы қорының тиімді инвестициялық стратегиясын әзірлеуді тапсырды. «Әрбір отбасы елдің ұлттық байлықтарын пайдаланудан нақты игілік көруі керек. Сондықтан мен жария-

ланған Балалар жылында «Ұлттық қор-балаларға» атты түбегейлі бағдарламаны бастау керек деп есептеймін. Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50% -ын балалардың жасы 18-ге толғанға дейін жеке шоттарына мерзімінен бұрын шешіп алу құқығынсыз аударып отыруды ұсынамын», деді Мемлекет басшысы. Бұл қаражатты 18-ге толған азамат баспана мен білім алуға жұмсайтын болады. Сондай-ақ, елімізде ең төменгі жалақы деңгейі 60 мыңнан 70 мың менге дейін көтеріледі. Яғни еліміздегі 1,8 млн адамның кірісі артады.

Президент ел бірлігіне ерекше мән берді. Ия, бүгінде қашанда ең басты құндылық саналатын ел бірлігінің өзектілігі арта түспек.

Гүлсара БАҚБЕРГЕНОВА,
І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі.

Жаңа жеңістер үшін жаңа теннис алаңы!

Осындай ұранмен «АППАК» ЖШС жұмысшылары Қыземшек ауылындағы теннис алаңын өз күштерімен жөндеп, қалпына келтірді.

Бұрын бұл аумақ асфальт беті тесіліп ескірген, жарықтары сынған, шөптері өсіп, қаңырап қалған спорт алаңы болған.

Қазір, «АППАК» ЖШС жұмысшыларының арқасында ескі құрал-жабдықтардың бәрі жөнделіп, дәнекерлеу жұмыстары жүргізіліп, қоршаулар сырланып, резеңке жабындар төселіп,



жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін алғашқы матчты жұмысшылардың өздері ойнады.

«Бұған дейін аулаға шығып, айналадағы жайсыз жағдайды өкінішпен қарайтын едік. Әсіресе, тұрғындардың денсаулығы мен бос уақытын жақсартуға мүмкіндік беретін ашық спорт алаңы біздің назарымызды аударды. Салауатты өмір салтын насихаттап, жастарды белсенді спортқа баулу мақсатында біз де осы игі іске өз үлесімізді қосуды жөн көрдік», – деп қуана пікір білдірді қызметкерлер.

«Созақ үні»-ақпарат.

ТАМШЫЛАТЫП СУАРЫП, ТОННАЛАП ӨНІМ АЛУДА

Бұрынды-кейінді Созақтың ғана емес, күллі қазақ қоғамында жер дауы, жесір дауы деген дүние бар. XXI ғасыр, 2022 жылда өмір сүріп, бір емес бірнеше дүркін қабылдаған ата заңымыз бар десек- те ықылым замандардан келе жатқан бұл екі дау күні бүгінге дейін шешімін таппады. Бұған мына су дауын қосыңыз. Негізінде, бұл суы дауы да кеше немесе бүгін пайда болған дүние емес. Олай дейтінім, жерлес жазушы қариямыз Өмірбек Есіркеповтың «Шежірелі өлке» жинақтарында XX ғасырдың басында-ақ Шолаққорғанды мекендеген тұрғылықты халықтың арасында су дауы жиі орын алғаны сөз болады. Тіпті, ауыл ақсақалдарының айтуынша бұл даудың кісі өліміне ұласқан кездері де болған сықылды. Не керек, бұл дау атадан балаға мирас болған қандылыққа ұқсап, біздің заманымызға дейін жетіп отыр.

Кешегі, Калинин атындағы алып кеңшардың тұсында да егістікке су жетіспеушілігі орын алған көрінеді. Тек, ол уақытта аудандық болмаса ауыл әкіміне бойхсына бермейтін кеңшар директорлары шілденің аптап ыстықтарында Көкбұлақтан бастау алатын «Біресек» магистральды су каналының суының жетіспегенді есепті Шолаққорғанға келетін «Торлан» су қоймасының суын да Қарасуан мен Жуғыдағы егістіктерге бұрып алатын көрінеді. Бәлкім, олардың бұл қылығы сырт қараған адамға әлімжеттік сияқты көрінуі де мүмкін, дегенмен ауылды қойып, бүкіл аудан жұртына мал азығын дайындап отырған алып кеңшардың игілігінің жанында ештеңе емес екен. Сол себепті де сол тұстағы аудан басшылары директорлардың мұндай әрекеттерін көрсе де көрмегенсінтіңе ұқсайды. Оның үстіне, ол уақытта жер- су да мал мен жан да ортақ заман. Қазіргідей жекеменшік, тек өзім болсам, өзге не болса ол болсын деген менмендік психология жоқ. Бірлі- жарым звеневодтардың ішінара бәсекелестігі болмаса, су дауы біздің күніміздегідей аса күрделенбеген кезең ғой. Ал қазір ше, «Бас- басына би болған өңшең қиқым, мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын» деп хакім Абай айтқандай, әңгіменің әлқиссасы сонау тоқсаныншы жылдардағы тоқырауға себеп болған «жаппай жекешелендіру» (Шахановша айтсақ «прихватизация») деген желеумен алып өндіріс орындары мен кеңшарлар ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен кеңестік жүйенің жаназасынан соң басталды ғой. Одақтас республикалар еншісін алғаны сияқты, еліміздегі барша еңбекшілер одақтары (зауыт, фабрика, кеңшар т.б.) тарап, тұрымтай тұсымен кеткен кезең еді бұл. Ауыл шаруашылықты ауданымыздағы алып кеңшарлар ұжымшарларға, ұжымшарлар да шаруа қожалықтарға ыдырап, қоғамдық мүдде қабірге кіріп, жекеменшікті болып басталып, жекеменмендік мүддеге ұласқан шақ еді. Алғашқыда, кеше кеңшардың директоры, ұжымшарлардың төрағасы болғандар лезде шаруа қожалықтардың төрағалары болып шыға келді. Онымен де тынбады, беріде әкім немесе орынбасары, бөлім басшысы не маман болғандар әлгі директор, төрағалар қалаға көшкені себепті қалдырған жерлерді иеленіп (әріне заң жүзінде), билікте кеткен



еселерін, елдің еншісінен қайтарайын деді ма жаппай жақындарының атына жер рәсімдеп, ауыл шаруашылығымен айналысып шыға келді. Жарайды ғой, зейнетке шыққан адамға бейнетке шықпа деген заң жоқ, шықсын, тек, өздерін сол баяғы билікте жүргендей сезініп, өзгелердің үстінен мұрын шүйріп қарағандары ғой жұрттың жанына батып жүргені. Нақтырақ айтсам, мұндай менмен қылықтары осы біз көтеріп отырған суға талас кезінде көрініп қап жүр. Жергілікті биліктің маңында жүрген ортаңғол шенеуніктерді місе тұтпайтын бұл азаматтар қарапайым шаруаны адам құрлы көрмейтін жағдайға жеткен. Мұны, өздеріңізге белгілі болғандай ауылдық Парасаттың төрағасы, аудандық газеттің тілшісі ретінде ауылшаруашылық жерлері мен шаруашылығына қатысты даулардың дәл ортасында жүрген соң айтып отырмын. Жергілікті билік пен шаруалар өтініш жасаған соң бірнеше рет осындай су дауына араласуымызға тура келді, арнайы құрылған жұмысшы топтың құрамында болған соң. Сонымен, ел болып барған соң әріне, әлгі шонжарлар ашықтан- ашық халықтың талабына қарсы шықпайды. Тіпті, әңгіменің ауаның түсіне салысымен басайқап, мәймөңкелеп алдыға түсіп ала жөнеледі. Ол аз болғандай, аталы сөзін айтып, бәтуәлі (бәтуәсіз) бата беретіндері бар. Бірақ, «әумин» деп сақал сипап артыңа қарасаң, әлгілер сол ескі әуендеріне қайта басып жатады ғой. Кейде ойлаймын да: «Жарықтықтар жолбарыстың жүрегі жеген ба, шаруаның наласын, халықтың табасын қойып, мыналар Құдайдың қарғысынан да қорықпайтын болған ба?» деп. Әйтпесе, дана бабаларымыз: «Еркектің екі сөйлегені өлгені!» демеуші ма еді?

Жә, жалпы жоғарыда жазғанымының бәрі қозғал отырған тақырыбыма кіріспе болатын. Ал енді, қайсыбірлеріңіз: «неге осынша орағытты?» деулеріңізде мүмкін. Айтайын, себебі алдағы аптада жергілікті билік өкілдері, яғни ауыл әкімдігінің қызметкерлері, аудан әкімдігінің Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы және Жер қатынастары бөлімдерінің басшылары мен мамандары, Түркістан облысы «Қазсушар» басқармасының ауданымыздағы бөлімшесінің басшысы мен қызметкерлері және Парасаттықтар болып, жылдар бойы жалғасып келе жатқан су дауына нүкте қойсақ, ау-

ыл шаруашылығы саласына қолдау сезіліп келе жатқан Жаңа Қазақстанда мұнан былай шаруаларымыз суға таласып, ұрысып- төбелеспесе немесе заңға жүгініп, бір-бірімен соттасып жатпаса, тіпті, онан да сорақы жағдайлар орын алмаса деген байламға келдік. Әрине, бұл мәселенің аудан басшысының қолдауынсыз, қадағалауынсыз жүзеге асуы қиын. Сол себепті де бірінші кезекте сол, аудан әкімінің қолдауынан үмітті боп отырмыз. Өйтпесек, шілденің шіліңгір ыстығында кетпен шауып, шаң қауып жүрген шаруалардың мына су дауы әбден жүйкелерін жққартып бітті. Тіпті, жергілікті билікке, құқық қорғау орындарына болған сенімдерін сарқуға шақ тұрдеуге болады. Міне, осы ретте су дауын түпкілікті шешудің бірнеше жолының бірі мақаланың тақырыбы айтып тұрғандай тамшылатып, жаңбырлатып суару әдісін қолға алу болып табылады.

“Үміт” шаруа қожалығының ісі өзге шаруашылықтарға үлгі

Өткен жетіде Парасаттықтар және «Атамекен» ҰК- ның Созақ ауданындағы бөлімшесінің директоры арман Анарбаевтар болып ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылының Жеткеншек елді мекенінің маңында 10 гектар егістік жерді алып жатқан «Үміт» шаруа қожалығында болдық. Біз барғанымызда шаруа қожалықтың құрылтайшысы Ертебеков Жұмағали Аманғалиұлы мен иелігіндегі алма бауының бағбаны Абдул есімді өзбекстандық азамат алдымыздан шығып, қарсы алды. Аман- саулықтан соң, әуелі алма бағына кіріп аралап шықтық. Сонан соң бірден сұхбатқа кірістік. Жалпы, Жұмағали Аманғалиұлы мен Абдул бағбанның сөзінен ұққанымыз:

«Алма бауы 2016 жылы жасалған, яғни, мұндағы Семиренко, Вайнсепт (Американский), Голден Делишес, Старкеримсон және Жұлдыз алма ағаштарының көшеттері осы жылы толықтай егіліп біткен. Сол жылы «Үміт» шаруа қожалығы отырғызылған жеміс ағаштары мен қазылған терең құдық үшін мемлекеттен субсидия алған көрінеді. Мұнан бөлек, шаруа қожалық иелері өз қаржыларына тағы да бір құдық қаздырыпты. Негізінен, алма ағаштарының барлығы дерлік

карликовый ағаштар екен және олардың өмір ұзақтығы 12- 20 жыл аралығын құрайтынға ұқсайды. Жалпы, алма бақтың ағаштары былтырдан бастап жеміс көрсетіп бастаған, бірақ, биылғыдай мол көлемде өнім бермейті. Сондай- ақ, 10 гектар жерге егілген алма ағаштарының саны 2500 түп екен және айына 1 рет қанып су ішеді екен. Биыл бұйыртса 2500 түп алмадан 10 тонна өнім аламыз деп жоспарлап отырған көрінеді. Бұдан бөлек, шаруа қожалық иелері бұл жерге қияр мен қызанақ сынды көкөністер мен қауын- қарбыз сияқты бақша өнімдерін де егіпті. Жұмекеңнің айтуынша, қияр мен қызанақтың бағасын 100 теңгеден (базарда 180- 200 теңге екен) орталық базарға көтерме бағамен өткізген көрінеді. Негізінде, шаруа қожалық көкөніс пен бақша өнімдерін биылмен екінші жыл егуде екен. Тағы да бақ иелері мұнда алма ағаштарынан бөлек, алмұрт, анар және бадам (миндаль) жеміс ағаштарын да отырғызыпты. Әне, ағайын! Осы өнімдердің барлығын «Үміт» шаруа қожалығы ешкіммен суға таласпай- ақ, әу баста жер алғандағы қаулыда көрсетілгендей тамшылатып суару әдісімен алып отыр. Осы орайда, шаруа қожалықтың құрылтайшысы Жұмағали Аманғалиұлы мен Абдул бағбаннан: «Жалпы, тамшылатып суару мен арық арқылы суарудың айырмашылығы бар ма екен?» деп сұрадық. Сондағы кейіпкерлеріміздің жауабы мынау болды: «Әрине, егер мүмкіндік болса арықтың мол суымен суарғанға не жетсін. Алайда, каналдың суын алады екенмін деп, әркіммен қырылып- жойылып, алтын уақытыңды жоғалтып және жүйкенді жққартқаннан гөрі осы тамшылатып суару тиімді деп шештік. Көріп отырсыздар, тамшылатып суару әдісімен де әжептәуір өнім алуға болатынын».

Иә, айтса айтқандай- ақ! Шынында, шаруа қожалық иелері тиісті орындар ауылымыздағы су дауын шешіп, нақ осындай тиімді еңбек етіп, мардымды өнім алып, ауданымыздың ауыл шаруашылығы саласына қомақты үлес қосып отырған шаруа қожалыққа арықпен су әкеп берсе, қой дейін деп отырған Ертебековтар жоқ. Оның үстіне, өңіріміздегі азық- түлік тапшылығын шешудің, қымбатшылықтың алдын алудың бірден бір жолы осы ауыл шаруашылығы саласын дамытып, Жұмекең сынды кәсіпкерлерге жан- жақты қолдау білдіріп, сол арқылы бәсекелестікті арттыру деп ойлаймын. Әйтпесе, осылай қымбатшылыққа ұрынғанымыз ұрынған, азық- түлік тапшылығын бастан кешіргеніміз кешірген. Демек, әлі де кеш болмай тұрғанда осы істі қолға алған жөн. Аталарымыз айтқан ғой «Болмағырға болыспа!» деп, ендеше әлгі гектарлар жерді алып- алып, қаулысында көрсетілгендей тамшылатып, жаңбырлатып суармай, өзге шаруашылықтарға тиесілі суға ортақтасып, онысымен тұрмай өзінен өзгеге пайдасы жоқ шаруақожалықтарға су беруді доғарған жөн. Сонда ғана су дауы шешіледі. Әрине, мұнан бөлек те су дауын шешудің жолдары бар, олар жайлы кейін!

Данияр БЕК.

Таукент кенті округінің әкіміне үміткер Маманов Серік Сахиұлының сайлауалды бағдарламасы

Құрметті Таукент кенті сайлаушылары!

Таукент кенті біздің көрікті қалашығымыз, табиғи орналасуы ерекше орынға ыңғайласқан қасиетті мекен. Сондықтан да, кенттің көркеюі мен абаттануына, кент тұрғындарының жайлы өмір сүруіне қызмет ету-әрбір созақтық үшін абыройлы міндет деп білемін. Осы мақсатты жолда «AMANAT» партиясының Созақ аудандық филиалы сенім білдірген үміткер ретінде әкім сайлауында бақ сынауға мүмкіндік алуымды зор мәртебе санаймын.

Еліміз «Жаңа Қазақстанды» құруға бағыт алды. Халықпен етене араласа

ӨМІРБАЯН

Мен, Маманов Серік Сахиұлы 1982 жылдың 16 мамырында Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылында дүниеге келдім.

М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университетін 2003 жылы Филология мамандығы бойынша бітірдім.

2003 - 2005 ж.ж. А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектепте үйірме жетекшісі;

2005 - 2008 ж.ж. Созақ аудандық білім бөлімінің әдіскері;

2008 - 2011 ж.ж. А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектепте үйірме жетекшісі;

2011 - 2018 ж.ж. Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы;

2018 - 2021 ж.ж. Сызған ауылы округінің әкімі;

2021 жылдан бастап осы уақытқа дейін Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту мен дамыту орталығы» КММ-нің директоры қызметін атқарып келемін.

Отбасылымын.



жұмыс жасауға үндеген, әділетті еңбек етуді міндеттеген Президент тапсырмаларын негізге ала отырып, білім-білімді, бұған дейін ауылдық округ әкімі қызметінен алған тәжірибемді, қоғамдық жұмыстағы ұзақ жылдық жастарға көшбасшылық жасаған қарым-қабілетімді кенттің дамуына пайдалануға бел будым.

Халықтың ахуалын назардан тыс қалдырмауға үйренген күнделікті дағдымен Таукент кентінде әкім атқаруға тиісті жұмыстарды жете білемін. Сондықтан да, өзекті мәселелердің шешімін табуына бар күш-жігерімді жұмсайтын боламын.

БҰЛ ҮШІН МАҒАН СІЗДЕРДІҢ ҚОЛДАУЛАРЫҢЫЗ КЕРЕК!
ТЕЛ.: 702 292 82 82/WHATSAPP: +7 705 360 00 80
ҚҰРМЕТПЕН, МАМАНОВ СЕРІК САХИҰЛЫ!

Мені кент әкімі етіп сайласаңыздар:

-Таукент кентіндегі «Болашақ», «Бәйтерек», «Ықшам», «Тәуелсіздік» «Тойшылығы» көшелері жолдарына орташа жөндеу жүргізуге;

-Таукент –Саяжай жолына жөндеу жүргізуге;

-Кенттегі көпқабатты үйлердің аулаларын жарықтандыруға;

-Кенттің ішкі жолдары мен аяқжолдарын жаңартуға;

-Саябақтарды, орталық жолдарды көркейту-көгалдандыруға;

-Көпқабатты үйлердің қасбеттерін реттеуге;

-Қалашықтың таза әрі тұрғындар үшін жайлы болуына;

-Жыныс ата елді-мекеніндегі электр желілерін жаңартуға;

-Жыныс ата елді-мекеніндегі таза ауыз су мәселелерінің толық шешімін табуы жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал ететін.

Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, барлық мәселелерді шешу мүмкін емес. Сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы:

-Кент жастарының бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізуге;

-Таукент кентінде тұрып, елге еңбегі сіңген тұлғаларды өскелең ұрпаққа насихаттау шараларын ұйымдастыруға;

-Өндірісті өңірдің ерекшеліктерін танытатын түрлі көрнекі кескіндермен кентті абаттандыруға күшімді саламын.

-Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдалану арқылы жаңа кәсіптер ашу жұмыстарын ұйымдастыруға;

-«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде халықпен бірге болуға, тұрғындарымен бірлесіп отырып түрлі шараларды ұйымдастыруға;

-Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдап, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, әлеуметтік көмек көрсетуге;

-Отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға, кент жастарын рухани-патриоттық тәрбиеге баулуға;

-Кент аумағын көркейту, тазалау, абаттандыру жұмыстарына үлесімді қосамын.

Қымбатты сайлаушылар!

Кентіміздің ертеңі қандай болатыны Сіз бен Бізге байланысты. Сіздің даусыңыз – өз жақындарыңыз бен ауылдастарыңыздың бақытты және бақуатты өміріне қосқан үлесіңіз!

Сондықтан Сіздерді сайлау учаскесіне келіп дауыс беруге шақырамын.

**Сайлауға келіңіз! Мен үшін
дауыс беріңіз!**

Таукент кенті округінің әкіміне үміткер Досболов Ерік Есенұлының сайлауалды бағдарламасы

Қадірлі жерлестер!

Дүниежүзілік өркениет дамып жатқан шақта еліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен аса жауапты кезеңде еңбек етіп жатырмыз. Бұл – әсіресе, мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару саласында жаңаша жұмыс жасап, халықтың талап-тілектерімен мұн-мұқтажын шешудегі қызметін жандандыра түсуді қажет етеді. Сондықтан да, халықпен бірге әрі біртұтас жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметшіге қойылар талаппен жауапкершілік орасан. Осы жауапкершілікті саналы түрде сезіне отырып, өзімнің кандидатурамның Таукент кенті округі әкіміне ұсынылғандар қатарында болғаны үшін аудан әкімдігіне ризашылық білдіремін.

ӨМІРБАЯН

Мен, Досболов Ерік Есенұлы 1979 жылы 1 қарашада Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылында туғанмын. 2002 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін музыка пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіргенмін.

Еңбек өтілім 01.09.2003 жылдан бастап Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясында музыка пәнінің мұғалімі болып бастағанмын;

2005-2013 жылдар аралығында Созақ аудандық білім беру және спорт бөлімі жанындағы әдістемелік кабинетте әдіскер;

2013-2017 жылдар аралығында А.Жұбанов атындағы Созақ балалар саз мектебінің директоры;

2017 жылғы 16 тамыздан бастап Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің әдіскері болып қызмет жасаймын.

Отбасылымын.



Маған сенім көрсетіп, ауыл әкімі қызметіне таңдаған жағдайда жергілікті қауымдастық мүшелерімен келісе, бірлесіп отырып, әкім ретіндегі жұмысымның басты бағыттары төмендегіше болмақ:

Әлеуметтік сала бойынша

1. Атаулы әлеуметтік қолдау қажет ететін аз қамтамасыз етілген отбасын тұрақты назарда ұстау;

2. Жұмыссыз азаматтарды анықтап, олардың еңбекпен қамтылуына жағдай жасау, шағын немесе орта кәсіппен айналысуына ықпал жасау, қоғамдық жұмыстарға тарту арқылы шешу және сонымен қатар тиісті мемлекеттік жәрдемді алуына көмек көрсету;

Ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік саласы бойынша

1. Ауыл шаруашылық саласында қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың кент аумағында іске асуына қолдау көрсету;

2. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, кәсіпкерлікпен айналысам деуші тұрғындарға бағыт беріп, қолдау көрсету.

3. Шаруа қожалықтарына әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға көмек көрсету;

Жастармен жұмыс

1. Кент жастарының әлеуметтік сапасына талдау жүргізу; Жұмыссыз, мамандығы жоқ жастарды кәсіптік оқуға жолдау, жұмыспен қамту;

2. Ауыл мәдениетін дамыту, материалдық-техникалық базасын көтеру арқылы жастардың өнер, спорт саласымен тиянақты айналысып, бос уақыттарын тиімді өткізуіне, ұлттық мәдениетіміздің терең меңгеріп дамуына жағдай жасау;

Тұрғын үй, коммуналдық салалар, жолдар. Елді мекендерді абаттандыру және көркейту-көгалдандыру.

1. Ауыз сумен қамтамасыз етудің санитарлық талабының мұқият сақталуын қамтамасыз ету;

2. Елді мекендердің санитарлық тазалығына, көгалдандырылуына, көшелерге тас төгу, асфальттау және жарықтандырылуын, абаттандырылуын кезең-кезеңмен жоспарлау;

3. Елді мекендегі негізгі көшелерге автомобиль жолдарын және әлеуметтік нысандар орналасқан көшелерге жүргіншілер аяқ жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз ету;

4. Келешекте газдандыру жұмыстарын жүргізуге дайындық үшін тұрғын үйлердің құжаттануын, мекен-жай тіркелімінің реттелуін ұйымдастыру;

Мәдениет және спорт саласы бойынша

1. Кент тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізу, таланттарға қамқорлық жасау мақсатында әр түрлі тақырыптық байқаулар өткізіп тұру;

2. Кент халқын бұқаралық спортпен айналысуға қамқорлық жасау үшін спорт алаңшаларын, балалар ойын алаңдарын ашу;

3. Ұлттық спорттың бұқаралық сипат алуына қамқорлық жасау. Онымен айналысатын ауыл тұрғындарын көтермелеп қолдау көрсету.

Білім саласы бойынша

1. Жаңа білім беру реформасына сәйкес мектеп және мектепке дейінгі мекемелер жұмысымен тығыз жұмыс жасау, жетістіктерін қолдап, қуаттап отыру;

2. Ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы байланысты нығайту; Балалар тәрбиесімен біліміне қатысты кез-келген шара кент әкімінің назарында болады.

3. Мектептермен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсету.

Медицина саласы бойынша

1. Медицина саласын материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салу;

2. Кент тұрғындарына салауатты өмір салтын насихаттау, уақытылы медициналық тексерістен өтуін ұйымдастыру;

Құрметті сайлаушылар!

Осы бағдарламаны жүзеге асыруға, мемлекеттің дамуына, халықтың әлауқатының артуына өз үлесімді қосуды ел алдындағы азаматтық борышым деп санаймын. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін!



ҚОЛЫНАН ӨНЕР ТАМҒАН

Қашан адамның мамандығы оның мақтаншына айналса ғана ол өз жемісін береді. Өз мамандығын сүймеген адамның жұмысында береке болмайды. Бойкүйездік, немқұрайлылық, салғырттық көп болады. Жасыратыны жоқ, сананы тұрмыс билеп тұрған мынау заманда мамандыққа деген сұраныс пен табатын нәпақасы да маңызды роль атқарады. Бүгінгі таңда үлкен сұранысқа ие, көпшілік елей бермейтін сондай мамандықтардың бірі- бұл токарь мамандығы. Әсіресе ауылдық жерлерде шаруалардың көпшілігі сонау кеңестік заманнан қалған техникаларды пайдаланатындықтан токарларға тәуелді. Өйткені шетелдік ауылшаруашылық техникалары өте қымбат. Ал, кеңестік техникалардың әбден тозығы жеткен, қосалқы бөлшектері табылмайды. Сондықтан шаруалар

әлеуметтік жай-күйі. Жасур ініміз негізі ҚазАтомӨндіріске қарасты Оңтүстік Ыңғай кәсіпорнында бахталық тәртіппен токарь болып қызмет атқарады. Кәсіпорныға резюмемді тастасам, бір күннің ішінде шақырту алдым дейді, -токарь жігіт. Мінеки, мамандыққа сұраныс деген осы болса керек! Кейбір мамандық иелері резюме тастап жылдар бойы шақырту алалмайды. Одан басқа демалысқа келген 15 күн ішінде елдің мұқтажын өтейді. Кәсіби-нәсіби,- дегені осы шығар.

Жасур бұл мамандықты 2006-2007 жылдары Созақ ауылындағы №1 колледжде оқып, ұстазы Айтжанов Ортан Төлеуқұлұлы ағамыздан үйренген екен. Мінеки 15 жылдан бері осы кәсіптен тапқан нәпақасының арқасында үйлі-жайлы болып, заманауи көліктерді мініп жақсы өмір сүріп жатыр. Келін де құралақан емес. Өз мамандығы бойынша ауылдық ауруханада медбике болып қызмет атқарады. Шешесі-Клара қарында-сымыздың тәрбие мектебінде шыңдалған Венера келіміз үйінің қасынан кічкене сауда дүңгіршігін ашып, одан да бұйырған тиын-тебенін тауып отыр. Ұйыған отбасы 4 бала тәрбиелеп өсіруде.

Неге мен бұл қарапайым кәсіп иесінің өмірін тәптіштеп жазып отырмын. Себебі, мамандығым педагог-психолог болғандықтан мектепте оқушыларды мамандыққа баулу мәселесімен біршама айналыстым. Сонда бір байқағаным, жастар токарь, автоэлектрик, дәнекерлеуші, қалақшы, сылақшы, евроэрлеуші сияқты қарапайым мамандықтарға қызықпайды. Зор беріп ЖОО-на талпына береді. Білімінің іргетасы соған жараса мықты болса мақұл ғой.. Өкінішке орай көпшілігінде олай емес! Биылғы оқу жылынан бастап мектептерде оқушыларға ертеден кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу және «кәсіби бағдарлаушы педагогі» лауазымын енгізу мәселесі қаралып жатыр екен. Өте құптарлық мәселе! Өзінің қызығушылығына, дарындылығына, бейінділігіне және елдегі сұранысқа қарай мамандықты дұрыс таңдай білуі Жаңа Қазақстанды құрушы өскелең ұрпақтың алдында тұрған өте маңызды мәселелердің бірі! Ал бұл шатты ашу, мектептерде қысқарып кеткен өзін-өзі тану мұғалімдеріне жұмыс тауып беру мәселесін шешу үшін емес, бәлкім кәсіптік бағдар беру мәселесін түсінетін, оқушыларға дұрыс бағыт-бағдар бере алатын, өмірлік тәжірибесі бар мамандарды тартуымен тиімді болмақ!

Камилжан РЫСМЕТОВ,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі.
Созақ ауылы.



Созақ ауылының токары Абдушукуров Жасурға жиі келіп тұрады. Олар істен шыққан бөлшектеріне тапсырыс беріп жасатады. Бүгін Жасур ініміздің жұмыс жайын бір көрейінші деп барсам әр кездегідей 3-4 тұтынушы тапсырыс беріп, күтіп отыр екен. Олардың пікірлерін білу үшін жайлап сұхбатқа тарттым.

Қаракей Амангелді Табылдыұлы:

-Мен Жасур інімінің жұмысына өте ризамын. Қолынан өнері тамған жігіт. Көп жылдардан бермен түрлі техникалық қажеттіліктеріммен жиі келіп тұрамын. Тапсырыстарды сапалы әрі өте ұқыпты істейді. Бүгін токарь ініммен бірігіп, қолдан дискілі шөп оратын агрегат жасау туралы ұсыныс тастап, соны ақылдасып отырмын.

Исмаилов Ералы Сақатайұлы:

Мен де Жасурдың тұрақты тұтынушысымын. Себебі, кеңестік заманнан қалған ГАЗ-53 жүк көлігім және үйде ағаш өңдейтін құрылғым бар. Істен шыққан бөлшектерді жондырып аламын. Бүгін мынау коробкамның үзіліп кеткен болттарын жаңасына ауыстыруға келдім. Осындай қолы гүл жігіттің барына шүкір дейміз. Жоқ болса не істер едік?

Ия, бұл бүгінгі қоғамның кейбір

Таукент кенті округінің әкіміне үміткер Аманов Ербол Нышаналиевичтің сайлауалды бағдарламасы

Құрметті Таукент кентінің тұрғындары!

Дүниежүзілік өркениет дамып жатқан шақта еліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен аса жауапты кезеңде еңбек етіп жатырмыз. Бұл- әсіресе, мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару саласында жаңаша жұмыс жасап, халықтың талап-тілектерімен мұқ-мұқтажын шешудегі қызметін жандандыра түсуді қажет етеді.

Сондықтанда, халықпен бірге әрі біртұтас жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметшіге қойылар талаппен жауапкершілік орасан.

Осы жауапкершілікті саналы түрде сезіне отырып, өзімнің кандидатурамның Таукент кенті әкіміне ұсынылғандар қатарында болғаны үшін аудан әкімдігіне ризашылық білдіремін және сенімінен шығуға бар қабілетімді саламын. Себебі, он жылға жуық мемлекеттік органдардың, құрылымдардың түрлі салаларында жұмыс жасап жинақтаған тәжірибем - нақты салада халыққа қызмет етіп нәтижеге жетуіме мүмкіндік береді деген сенімдемін.

Таукент кентінің халқымен және жалпы әлеуметтік-саяси, экономикалық құрылымдарымен таныспын.

ӨМІРБАЯН

Мен Аманов Ербол Нышаналиевич 1989 жылы 13 желтоқсанда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр ауылдық округінің Раң елді мекенінде дүниеге келгенмін.

2007 жылы Алматы қаласындағы М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясына «Құрылысшы» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2011 жылы аталған оқу орнын бітіргенмін.

2017-2019 жылдары Шымкент қаласындағы Шымкент университетінде «Экономика» мамандығы бойынша бітіргенмін.

Еңбек өтілін 2011 жылдың 23 маусымынан бастап, Қызылорда қаласындағы «УАД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде геодестист болып бастағанмын;

2012-2014 жылдар аралығында ОҚО бойынша экология департаментінде шаруашылық меңгерушісі;

2014-2015 жылдар аралығында Созақ ауданы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімінде іс-жүргізуші;

2015-2018 жылдар аралығында Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы;

2018 жылғы 25 маусымнан бастап Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің сектор меңгерушісі болып қызмет жасаудамын.

Отбасылымын екі қыз, бір ұлым бар.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАМ

Мен үшін ең біріншіден әкім болу – дегеніміз кент тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, жұмыс деңгейінің жоғарылауына, талап-тілектерінің орындалуына, ауылдың көркеюі жолында, халықтың бірлігі мен ынтымағы үшін адал қызмет ету. Осы қызметте мен өзімнің жиған тәжірибемді және тың идеяларымызді іске асыруға күш жұмсаймын. Менің осы сайлауда жеңіп әкімдік қызметке кірісер болсам атқаратын шаруаларым төмендегідей:

1. Кент тұрғындарының әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстау және күнделікті қажетті мәселелерді күн тәртібінен түсірмей шешуге атсалысу.

2. Кент тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстау.

3. Адам үшінбасты капитал – білім. Осы тұрғыда кенттегі білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларына, қызығушылығы бойынша үйірмелерге қатысуына жағдай жасау.

4. Ауыл тұрғындарының демалыс уақытын ұйымдастыруға аса мән беретін боламын. Ауылдарда зейнеткерлер, қарттар, отбасылар, балалар мен жастар емін-еркін демала алатындай саябақтардың салынып, оларды көгалдандырып, жарықтандыруға ықпал жасайтын боламын. Балалар ойын алаңшаларының ашылып, баскетбол, футбол алаңдарының салынуына ықпал жасаймын.

5. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды, тыл ардагерлерін назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасау және шын зәру жандарға атуалы әлеуметтік көмектің нақты, уақытылы берілуін қадағалау.

6. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кез-келген мекемеге кедергісіз кіріп, барлық мемлекеттік қызметтердің қолжетімді болуына ықпал ету;

7. Болашақ жастардың еншісінде екені бәрімізге мәлім және сол жас буын өкілі ретінде жастармен тығыз жұмыс жасаймын. Сол себепті, кент жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамға пайдалы іспен шұғылданауға жағдай жасау. Жастардың кентте тұрақтауына жағдай жасай отырып, кент халқының санын арттыруға, жұмыссыз азаматтардың мемлекеттік бағдарлама бойынша кәсіптік білім алуына күш жұмсау.

8. Жас мамандарды ауылға тарту мақсатында, «Дипломмен – ауылға» жобасы арқылы кенттегі білім беру, денсаулық сақтау және т.б саларға қажетті мамандар мәселесін шешу және жеке кәсіп ашуға ниет еткен тың идеясы бар азаматтардың мемлекеттік тұрғыдан берілетін қаржылай қолдауға қол жеткізуін қамтамасыз ету, және сол арқылы шағын және орта бизнестің өркендеуіне жол ашу.

9. Мемлекеттің ауылшаруашылығын қолдауға бағытталған, оның ішінде «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлпан» т.б. бағдарламалары бойынша тұрғындар арасында нақты түсіндірмелер жүргізіп, олардың осы бағдарламалардан өз сыбағаларын алу және мал шаруашылығын іске асырғысы келетін азаматтарды қолдау, жандандыру бағытында жұмыстар атқару.

10. Кенттегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтар және осы кенттен түлеп шыққан кәсіпкерлермен тығыз байланыста болып, кенттің мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыру. «Туған жерге тағзым» акциясын жандандырып жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізу.

11. Кент тұрғындары арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау. Ол үшін әр бос орынға немесе жаңадан ашылған жұмыс орындарына кент жастарын алуға, бірінші кезекте ешбір мүшесі жұмыс істемейтін отбасыларды жұмыспен қамтуға күш салу.

12. Ауданымызда жер қазба байлықтарын игеріп жатқан отандық, шетелдік кәсіпорындармен қарым - қатынасты арттыру, өндіріс орындарында жұмыс істейтін кент тұрғындарының үлес салмағын арттыру және оларды құқықтық қолдау.

13. Кент тұрғындарын рухани қолдау бағытында кент кітапханасы мен мәдениет үйі жұмыстарының жандануын назарда ұстай отырып, тиісінше қолдау көрсету.

14. Кенттің санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру бойынша жұмыс жасау.

15. Кенттің негізгі көшелерін жарықтандыру жұмыстарын және күл-қоқыс төгу полигонын жүйелеп реттеуді қолға алу.

16. Мектеп оқушыларына арнайы жаяу жүргіншілер жолын салу. Балаларға арналған ойын алаңдарын жаңарту.

17. Кент аумағындағы қылмыстың алдын-алу үшін учакелік полиция қызметкерлерімен бірге мемлекеттік орган қызметкерлерінің де ат салысуына ықпал ету;

18. Сыбайлас жемқорлыққа мүлде төзбеушілікті қалыптастыруға атсалысамын.

19. Осы жұмыстарды іске асыру үшін ауыл әкімінің бюджетін молайтып, оны қауымдастық жиналысымен келісе отырып тиімді жоспарлап, мақсатты жарата білу маңызды. Сондықтан ауыл әкімінің күнделікті басты жұмысы болып табылатын салық және салық емес түсімдерді көбейту, түсім көздерін іздестіру, менің тиянақты айналысатын ісім болады. Қауымдастық мүшелерін жергілікті өзін-өзі басқару саласына жұмылдыра отырып, ауылдың өркендеп дамуына, халықтың тұрмыстық жағдайының жақсара түсуіне бірге қол жеткізетін боламыз!

Құрметті Таукент кентінің тұрғындары!

Егер мен Таукент кентінің әкімі болып сайланған жағдайда жоғарыда көрсетілген бағдарламаның жүзеге асырылуына бар күш-қайратымды жұмсаймын және сол мақсатта Сіздердің қолдауларыңызға сүйенемін!

Хабарландыру

«Инкай» БК ЖШС 19.09.2022 ж. бастап 30.09.2022 ж. дейін Бірыңғай Экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>) «Инкай кен орнының № 1 учаскесіндегі операцияның зардаптарын жою жоспары және тарату қорын қалыптастыру жобасы» (бастапқы жоспар) бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. Барлық азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге Бірыңғай Экологиялық порталда құжаттармен танысуға, ұсыныстар мен ескертулер қалдыруға болады. Бастамашы – «Инкай» БК ЖШС, ЖСН 960340001136, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сарыжаз ауылы, Квартал 021 ауд., 194 үй ғимараты, тел.: +7 (7252) 99-71-82.

Объявление

ТОО «СП «Инкай» уведомляет о том, что с 19.09.2022 по 30.09.2022 г. на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по «Плану ликвидации деятельности на Участке № 1 месторождения Инкай и проекта формирования ликвидационного фонда» (первичный).

Все граждане и общественные объединения могут ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания на Едином экологическом портале. Инициатор – ТОО «СП «Инкай», БИН 960340001136, Туркестанская область, Сузакский район, с. Сарыжаз, ул. Квартал 021, д. 194, тел.: +7 (7252) 99-71-82.

Ана тілі-еркіндігің, теңдігің

25-қыркүйек – Қазақстан Республикасының халықтарының тілдері мерекесі.

Тіл дегеніміз – ұлттық болмыс пен психология аясындағы ең сезімтал әрі нәзік сала. Қазақ тілі қазақ халқының жан сезімін және рухани байлығын ғасырдан-ғасырға жалғастырып келе жатыр. Мемлекеттік тіл тағдыры қазақ ұлтының да тағдыры екені баршаға аян. Тіл мемлекеттің табан тіреуінің тұғырлы темірқазығы. Тіл-ұлттың тірегі. Тіл – өз халқымыздың рухани байлығы, өткені мен болашағы. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың «Ұлт болғың келсе, бесіңді түзе» деуі тегін айта салған сөз емес. Тіл – тазалықтың, пәктіктің, имандылықтың жаршысы. Тіл тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі. Мемлекеттік тіл саясаты дұрыс бағытта жүргізіліп келе жатқанын баса айтуға тиіспіз. Бүгінгі таңда «Тіл тағдыры-ел тағдыры» деп түсініп, тілдің қоғам өміріндегі қолданысына, оның бүгінгі мен болашағына толғанатын біздің тіл жанашырларының тіл мәселесіне ерекше назар аударып отырғанымыз анық. «Тіл туралы» Заң қабылданып белгілі дәрежеде жүзеге асырылып жатқанда, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, бұл жайында Конституцияға арнайы бап енгізіліп отырғанда, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің маңыздылығы орасан зор екендігі белгілі. Олай болса, еліміз көркейе берсін, тіліміз өз беделін жоғалтпасын.

Е.ТӨРЕБЕКОВ,
Созақ аудандық СЭББ бөлім басшысы.

Браконьерлерді жолатпайық!

Табиғат-тал бесік дейміз. Табиғатымыздың әсемдігін қорғау, ондағы жан-жануарлардың өсіп-өнуіне атсалысу, көздің қарашығындай сақтау басты парызымыз. Өкінішке орай қазіргі таңда заңсыз аң аулау тиылмай тұр.

Қазақстанда күн сайын 3 мыңнан астам табиғат қорғаушы инспекторлар өз өмірін қауіп-қатерге тігіп, табиғатымызды, ондағы жүрген аң мен ұшқан құсты, судағы балықты қорғайды. Браконьерлердің жауыздығынан қаншама жазықсыз жануарлар жаппай қырылып жатыр.

Кейбір деректерге қарағанда 2016-2018 жылдары сирек кездесетін хәм тұқымы құрып бара жатқан жануарларды аулаудан еліміз 3,6 млрд теңге зиян шегіпті. Браконьерлер бекіре, ақбөкен, қарақұйрық тәрізді жануарлар мен балықтарды аулауға құмар келеді.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген жабайы жануарлар мен құстарды атып ұсталған браконьерлерге заң талаптары күшейді. Яғни бұрын жабайы киіктерді атқан адам 5 жылға дейін сотталса, қазіргі уақытта 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Сондықтан әр азаматты табиғаттағы жан-жануарларды заңсыз аулаудан сақтандырығымыз келеді.

А.ДҮЙСЕБЕКОВ,
«Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» аң шаруашылығы маманы, Созақ учаске бастығы.

Жарамсыз деп танылсын

Қуандықов Алпамыс Айтбайұлының иелігіндегі «Камаз 5410» маркалы автокөлігінің КЗ 863 WLZ/13 санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету тәртібі

“Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау” негізінде тәртібі төмендегіше түсіндіремін.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап – 3 (үш) жұмыс күні;

2) көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсетуіне рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – мемлекеттік сот орындаушысының іс жүргізуді қозғау туралы немесе осы Стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулысы.

7. Жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:
1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылу-сыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

2) Мемлекеттік корпорация - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, Мемлекеттік корпорацияның белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау атқарушылық әрекеттерді жүргізу орны бойынша “электрондық” кезек тәртібімен жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, “электрондық үкімет” www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық кезекті брондауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалдық сенімхат бойынша оның өкілі, өкілеттігін растайтын құжат бойынша - заңды тұлғаға) көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі (бұдан әрі - Құжаттар топтамасы).

Қ.ҚАРАУЛОВА,
Кентау аумақтық сот орындаушылар бөлімінің инспекторы.

2022 жылғы қаңтар-шілдеге Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2022 жылғы Қаңтар-шілде	2022 жылғы қаңтар-шілде, 2021 жылғы қаңтар-шілдемен, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер¹⁾		
Халық саны, адам (2022 жылғы 1 шілдеге)	63 639	101,2
Туылғандар, адам	820	91,7
Өлгендер, адам	141	83,9
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	606	75,3
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	1 144	101,7
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2022 жылдың II тоқсаны	17 979	101,9
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2022 жылдың I тоқсаны	385 439	136,1
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.тенге	24 675,5	104,8
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	1 802 108	103,0
Кетерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	661 019	100,7
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	279 825 022	103,1
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	8 676,4	100,7
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	5 765,5	109,8
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	13 800	101,0
Қаржы жүйесі²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	297 922,6	2,2 есе
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	237 575,8	162,1
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	112 289,0	197,7

¹⁾ 2022 жылғы қаңтар-маусымдағы деректер

²⁾ 2022 жылғы I-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2022 ЖЫЛҒЫ
1 ТАМЫЗҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	бірлік	
	2022 жылғы 1 тамыздағы	475
Барлығы		475
мемлекеттік		103
жеке		372
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)		1
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)		8
шетелдік		-

Созақ АСБ

ШШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2022 жылдың 1 тамызға 3667 бірлікті құрады.

2022 жылғы 1 тамызға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	оның ішінде							
	ШОК заңды тұлғалары ²⁾		дара кәсіпкерлер ¹⁾		Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары			
2022 ¹⁾	2021	2022 ¹⁾	2021	2022 ¹⁾	2021	2022 ¹⁾	2021	
3 667	2 871	280	233	2 274	1 663	1 113	975	

¹⁾ Жедел деректер.

²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

2022 жылғы қаңтар-шілдедегі халықтың жекелеген жұқпалы ауруларға шалдығуы (100 мың адамға шаққанда)

ІЖА тобы	Бруцел лез	Жітті вирустық гепатит	Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары ¹⁾	Тұмау	Менингококк жұқпалы	Тыныс жолдары туберкулез	Мерез
25	8	-	300	-	-	30	3

¹⁾ ҚР ҰЗМ ТҰҚ ОҚО ТҰҚД деректері бойынша.

Созақ АСБ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

2022 жылғы қаңтар-шілдедегі ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны*

Тіркіленген қылмыстар барлығы	соның ішінде ауырлық саннатары бойынша				
	ауыр	ерекше ауыр	ауырлығы орташа	онша ауыр емес	қиянқылдықтар
81	23	-	30	12	16

*Түркістан облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының мәліметтері бойынша.

Созақ АСБ

Жаңа өлеңдерден

Серік Рахымұлы ағамыз Сызған ауылында тұрады. Ол өлең жазуды өзіне серік еткен азамат. Ақын жүректі ағамыз жетпіс жасты алқымдады. Бүгін оқырмандарға оның жыр шумақтарын ұсынып отырмыз. Мерей жасымен құттықтап, жазар көбейсін дейміз.

Батыр мәңгі жасайды

Рүстем ата шаңырағы,
Жарқырап жанды шырағы.
Ұл бала келіп өмірге,
Құлпырып өсті пірағы.

Есімін қойды Құрал деп,
Жоқтан барды құра деп.
Ата-ана тілек тіледі,
Еліңе пайдаң тисін деп.

Болар бала бесіктен,
Бақ кірді ғой есіктен.
Ісі мен сөзі күрделі,
Көріне берді биіктен.

Биіктен көрініп Құралы,
Батыр болды қырағы.
Жау тигенде еліне,
Ұшағы болды тұрағы.

Жау менен ол алысты,
Көк аспанда қағысты.
Елі үшін жан беріп,
Көңейтті келешек қонысты.

Көкте жүр ғой қалықтап,
Ұшақпен ұшып шарықтап.
Қырағы көзбен қарауда,
Келетін жауды құрықтап.

Батырды келешек ұмыт-
пай,
Есіне сақтап тұрақтай.
Құрал Рүстемов есімін,
Мектепке берді анықтай.

Рүстем атам текті еді,
Ұл - қыздары көп еді.
Даңқы батыр ұлының,
Ғасырдан ғасырға жетеді.

Батыр мәңгі жасайды,
Ел есіне сақтайды.
Көйінгі ұрпақ олардың,
Үміттерін ақтайды.

ТҮСІНІҢДЕР СӨЗДІҢ АСТАРЫН

Барлық кластас достарым
Жиі қосылсын бастарың.
Қазыналы қарт болуға,
Келді ғой толық жастарың.
Құрдастарым, достарым,
Сендерге бір айтарым.
Күліп ойна, әзілдес,
Сирейді әлі қатарың.
Жақсы құрдас жарайды,
Шын пейілмен қарайды.
Мұңайған көңілді көтерет,
Ашуың тез тарайды.



Сыйласу керек өмірде,
Жоқ болады мықты темір де.

Топырақ болып кетеміз.
Күл болып кетеді кемірде,
Сыйластық қалады ар-
тыңда.

Өткенді еске алат қар-
тыңда,
Адам-адам болғалы,
Осындай сөз бар салтыңда.

Тұрмайды адам қалпында,
Қартаясың бәрің, жал-
пыңда.

Еңкейсең де жүре бер,
Қарға адым жерге талпын да.

Дүние шіркін, жалған ғой,
Пенденің соңында қалған ғой.

Өзі жаратып Тәңірдің,
Есебін тауып алған ғой.
Қадірімізді білмейміз,
Тірі жүргенде күндейміз.

Келмеске кетсек біреуіміз,
Сағынып оны іздейміз.
Өткендерге салауат,
Тірілерге аманат.

Сыйласа біл өмірде,
Қалмасын артта жаман ат.

Құрдастарым, достарым,
Аман болсын, бастарың!
Келешекке қалат барлығы,
Түсініңдер сөздің астарын.

БАБАЛАР ҚОЙҒАН АТТАРЫҢ

Қозмолдақ, Сызған, Басбұ-
лақ,
Ортаңда жүріп, шапқылап.
Тәрбие алып үлкеннен,
Өмір сүрдім жақсылап.

Қызметтеріңді ақтайын,
Өзімді өзім баптайын.
Ауылым менің қауымым,
Мәңгі есіме сақтайын.

Туған ауылым тірегім,
Дүрсілдеп соғай жүрегім.
Өзіңнен бастау алады.
Өмірімнің жолы-керегім.

Батысында Ақсүмбе,
Шығысында Жартытөбе.
Ортасындағы үш ауыл,
Олар маған бір төбе.

Басбұлағым көргенді,
Тамаша ауыл мекенді.
Төрт түлігі сайма сай,
Халқы оның көгенді.

Сызғанан менен Қозмол-
дақ,
Бұларға келіп тоқталсақ.
Теңеу іздеп табайық,
Әлемді шарлап сөз тапсақ.

Бұларға келіп тоқталсақ,
Теңеу іздеп табайық,
Әлемді шарлап сөз тапсақ.

Сызғанан менен Қозмол-
дақ,
Бұларға келіп тоқталсақ.
Теңеу іздеп табайық,
Әлемді шарлап сөз тапсақ.

Ауылдарымның тұрағы,
Қозмолдақ, Сызған, Басбұ-
лақ,
Ортаңда жүріп, шапқылап.
Тәрбие алып үлкеннен,
Өмір сүрдім жақсылап.

Қызметтеріңді ақтайын,
Өзімді өзім баптайын.
Ауылым менің қауымым,
Мәңгі есіме сақтайын.

Туған ауылым тірегім,
Дүрсілдеп соғай жүрегім.
Өзіңнен бастау алады.
Өмірімнің жолы-керегім.

Батысында Ақсүмбе,
Шығысында Жартытөбе.
Ортасындағы үш ауыл,
Олар маған бір төбе.

Басбұлағым көргенді,
Тамаша ауыл мекенді.
Төрт түлігі сайма сай,
Халқы оның көгенді.

Саңғыл бидің ұрпағы.
Сегіз қырлы бір сырлы,
Өнерлі, білімді, қырағы.

Ел қорғаған Құралы,
Батыр болған қырағы.
Туған оның үйінің,
Жанып тұр әлі шырағы.

Шертпе күйлі Төлеген,
Елді күйге бөлеген.
Ақындары тағы бар,
Сөзбен сөзді теңеген.

Боз інгенді идірген,
Бабына күйін келтірген.
Қозмолдақта келіп өмірге,
Өнерін әлемге білдірген.

Мақтанымыз олармен,
Артында қалған ісімен.
Үш ауылдың топырағы,
Киелі болды сыйымен.

Төріңде бар көп бұлақ,
Қозмолдақ, Сызған, Бас-
бұлақ.

Бабалар қойған аттарың,
Ұрпақтан ұрпаққа сақта-
лады.

КӘРІЛІК КЕЛДІ БАСЫҢА

Құрдасым келдің жетпіске,
Шамаң келмейді әр іске.
Күш-қайратың азайды,
Жағдайыңды білем мен бес-
ке.

Бірақ көңілің аспанда,
Хор қызында, жас жанда.
Зорға жүргеніңді білмейсің,
Жарық дүниеде жалғанда.

Қу көңілге алдан ба,
Амал айла қолданба.
Адамнан құлық қалған ба?
Жасарам деп ойланба.

Кәрілік келді басыңа,
Енді досым тасыма.
Жүргенде керек болады,
Таяғыңды ұста қасыңа.

Есіңе түсір кеткенді,
Қайран жастық өткенді.
Білмей қалдым дей көрме,
Жетпіске жасың жеткенді.

Жетпіс деген жас екен,
Кәріліктің басы екен.
Алдамшы құрғыр өмір-ай,
Жалған екен, қысқа екен.

Ауырып аяқ, белдерің,
Бұлдырап кетет көздерің.
Орындарыңнан тұрғанда,
Байқаған шығарсың өзде-
рің.

Мен де келдім жетпіске,
Көнөсің тағдырың бұл іске.
Білдірмей келет кәрілік,
Жүрегің тұрған дәл төске.

Жүрекке садақ оқтайды,
Ауыртып жаның қақтайды.
Кәрілік деген пәлекет,
Өзін өзі баптайды.

Құрдасым менің жетпісте,
Өтті ғой өмірі бәрі есте.
Қалың ойлар мазалап,
Көз ілмейді білем, әр кеште.

Мен де келдім жетпіске,
Көнөсің тағдырың бұл іске.
Білдірмей келет кәрілік,
Жүрегің тұрған дәл төске.

Жүрекке садақ оқтайды,
Ауыртып жаның қақтайды.
Кәрілік деген пәлекет,
Өзін өзі баптайды.

Құрдасым менің жетпісте,
Өтті ғой өмірі бәрі есте.
Қалың ойлар мазалап,
Көз ілмейді білем, әр кеште.

Мен де келдім жетпіске,
Көнөсің тағдырың бұл іске.
Білдірмей келет кәрілік,
Жүрегің тұрған дәл төске.

Жүрекке садақ оқтайды,
Ауыртып жаның қақтайды.
Кәрілік деген пәлекет,
Өзін өзі баптайды.

Құрдасым менің жетпісте,
Өтті ғой өмірі бәрі есте.
Қалың ойлар мазалап,
Көз ілмейді білем, әр кеште.

Мен де келдім жетпіске,
Көнөсің тағдырың бұл іске.
Білдірмей келет кәрілік,
Жүрегің тұрған дәл төске.

Жүрекке садақ оқтайды,
Ауыртып жаның қақтайды.
Кәрілік деген пәлекет,
Өзін өзі баптайды.

Құрдасым менің жетпісте,
Өтті ғой өмірі бәрі есте.
Қалың ойлар мазалап,
Көз ілмейді білем, әр кеште.

Мен де келдім жетпіске,
Көнөсің тағдырың бұл іске.
Білдірмей келет кәрілік,
Жүрегің тұрған дәл төске.

Құттықтау!

Бақытты да баянды ғұмыр тілейміз!

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әкеміз **Піранұлы Нарынбек** қыркүйектің 12-ші жұлдызында 80 жасқа толғалы отыр. Отбасының тірегі, асқар тау әкеміздің аяулы анамыз Балсарамен отау құрғандарына да 50 жыл толып, алтын тойдың да куәгері болып отырмыз. Ата-анамызға мықты денсаулық, ұл-қыздарымен немерелерінің ортасында тек бақытты да баянды ғұмыр тілейміз. Ұрпақтарыңыздың тек рахатын көріңіздер!



Әкеге арнау

Әкемайым өзіңді дара көріп,
Жас күнімдей беріппін санама ерік...
Сексеннің сеңгіріне шыққаныңды,
Байқамаппын жүргенде бала болып.

Өмірдің қисық жолын түзу бастың,
Ешуақытта жүрмедің асып-тасып.
Салмақты, сабырлы мінезіңмен,
Ағайын, дос-бауырға құшақ аштың.

Сіз жүрген ізбен жүрдім, адаспадым,
Тек алғысын алдым Әке жанасқанның.
Бала күннен жаныңызда көп жүрдім де,
Көріп өстім еңбекпен таң асқанын.

Тәтті екенін еңбектің қара наны,
Ұқтырдыңыз Әкешім маған бәрін.
Ерте тұрып, көш қайтып қызмет өтіп,
Біздер үшін ештеңе аямадың.

Кем қалмадық қатардан білім алдық,
Тәрбиенің барлығын іліп алдық.
Өзің берген Әкешім ақылыңды,
Санамызбен көңілге түйіп алдық.

Бір ғасырдың куәсі бол анашыммен,
Ұрпағыңның көбейсін қарасы мол.
Қазыналы қартқа айналған ортамызда,
Дулеттің көш бастаған Данасы бол!

Бес уақыт оқыған намазыңыз,
Екі дүниеде сауабы мол амал ізгі.
Бар сұраған дұғаңыз қабыл болып,
Қолдап жүрсін әрдайым АЛЛА сізді.

Ізгі ниетпен құттықтаушы: қызыңыз - Айгүл.

Базарлар және сауда орындарына қойылатын өрт қауіпсіздік талаптары

Құрметті Түркістан қаласының тұрғындары және қонақтары. Қала аумағындағы базарлар және сауда орындарының өртке орану жағдайлары соңғы жылдары жиілеп кеткендігі өздеріңізге белгілі. Ал енді базарларға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптарына қысқаша тоқталайық.

Базарларға және сауда орындарының өрт қауіпсіздігі 2.02-08-2002 «Базарлар. Өртке қарсы талаптар» Қазақстан Республикасының Құрылыс Нормаларымен бекітілген.

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ - Төбесі жабылған базарлардың (павильондардың және тб) үймереттерінде сумен жабдықтау және канализация жөніндегі құрылыс нормалар және ережелер талаптарына сәйкес шаруашылық-ауыз сумен, өртке сөндіру және ыстық сумен жабдықтауды алдын-ала қарастыру керек. Ашық базарлардың өрт сөндіру мақсатына арналған судың шығынын - 20 л/сек ретінде қабылдау керек.

Су құбырының желісінде өрт гидранттарының орналастырылуы 100 м-ден аспайтын радиустағы 2 гидранттан әр қызмет көрсетілетін белгілі желімен өрт сөндіруді қамтамасыз етуі тиіс (Өрт гидранттарынан ағаш материалдарының қатар шта-

бель дейінгі ара қашықтықты 8 м-ден кем емес етіп алу керек (Гидранттарға кіру қамтамасыз етілуі тиіс)

Электр энергиясын пайдалану кезінде:

- бүлінген розеткаларды (рубильниктерді) басқа электрқондырмалы бұйымдарды пайдалануға

- электр шамдарды және шырақтарды қағазбен (матамен және басқа жанатын материалдармен қаптауға)

- стандартты емес (қолмен жасалған) электр қыздырғыш құрал - саймандарды қолдануға (калибрленбеген балқыған орнатымдарды немесе жобаға сәйкес келмейтін токтардың қысқа тұйықталудан және шамадан артық салмақтардан басқа қолдан жасалған қорғаныс аппараттарын қолдануға)

- электрқыздырғыш құрал-саймандарды жарылыс - өрт қауіпті және өрт қауіпі бар бөлмелерде қолдануға

- қорғаныс плафондарсыз қыздыру шамдары бар электршырақтарын пайдалануға **РҰҚ-САТ ЕТІЛМЕЙДІ.**

М.ӘЛІМ,
Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшының міндетін уақытша атқарушы:
Нұрсұлтан Шертаев
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев